

**«Мәдени жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022-2023оқу жылында
2 «Ә»-сынып оқушыларымен атқарылған
тәрбие жұмыстарының есебі**

2022-2023 оқу жылында 2 «А»сыныбында 17 оқушы білім алды.

Оның 9- ы ұл бала,8-і қыз бала.Сапалы білім мен саналы тәрбие бере отырып оқушыларды адалдыққа, еңбекке, өз Отанын құрметтеуге тәрбиелеу, жан-жақты , сауатты, мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеу.

Тәрбие бағыттарының түрлері:

1. Рухани-адамгершілік тәрбиесі
2. Құқықтық тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Еңбек ,экономикалықжәне экологиялық тәрбие
5. Зияткерлік тәрбие және ақпараттық тәрбие
6. Қоғамдық патриотизм және азаматтық тәрбие
7. Көпмәдениетті және экологиялық тәрбие

Тұлғаның Қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен ,нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани- адамгершілік және этикалық ұстанымдарын ,моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының,Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Оқушы мен жұмыс бағытында:

Сынып белсенділері сайланып, жұмыстары есебі,тоқсандық жиналыстарда тыңдалынды.сынып жиналыстары түрлендіріліп ұйымдастырылып, уақытылы өткізіліп, хаттамалары толтырылды. Жоспар бойынша үлгерімі нашар және қабілетті оқушылармен жұмыстар жүргізілді.Сынып жиналыстарында тазалық ,ұқыптылық сыйластық туралы түсіндірілді.Сынып оқушылары үнемі кітапханамен байланыста болып, ертегі кітаптарын алып оқып отырды.Мектепте өтілген іс-шараларға қатысып белсенділік танытып отырды. 1-қыркүйек Білім күніне арналаған іс-шара өтілді. Сынып сағаты өтілді

«Айналайын анам» тәрбие сағатынан



Ұлы Отан соғысына қатысқан батырларды еске алу шарасына қатысу



2022-2023 оқу жылының қорытындысы



Күзгі,қысқы, көктемгі және жазғы демалыс кезіндегі оқушылардың қауіпсіздік туралы ата-аналарға ескертіліп айтып отырдым.Әр тоқсанда ата-аналар жиналысы өткізіліп, ата-аналарға балаларының үлгерімі ,тәртібі жайлы айтылды. 2022-2023 оқу жылын 17

оқушымен аяқтадық. Осы оқу жылында жіберілген кемшіліктерді алдағы уақытта жою мақсатында жұмыс жасаймын деп жоспарлаудамын